

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

АҚТАУ ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІГІ

ҚАУЛЫ

«25» 02 2010 ж.

№ 205

Ақтау қаласы әкімдігінің Ақтау
қалалық білім бөлімінің «Құрама үлгідегі №35
«Балдырған» балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік кәсіпорын туралы» және «Білім туралы» Зандағына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қала әкімдігінің Ақтау қалалық білім бөлімінің «Құрама үлгідегі № 35 «Балдырған» балабақшасы» оралымды басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны құрылсын (бұдан әрі – Кәсіпорын).
2. Құрылған Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы болып «Ақтау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі белгіленсін.
3. Кәсіпорынның Жарғысы мен құрылымы бекітілсін.
4. «Ақтау қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткізіп және осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларын алсын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т. Хитуовқа жүктелсін.
6. Қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

Қала әкімі

С. Бекбергенов



1. Жалпы ережелер

1. Ақтау қаласы әкімдігінің білім бөлімінің «№ 35 «Балдырган» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын), мемлекеттік кәсіпорының ұйымдастыру-құқықтық тәсілінде, мемлекеттік мүлікті жедел басқаруға құқылы мемлекеттік кәсіпорны заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъективтік қызметін Ақтау қалалық әкімшілігі атқарады (ары қарай – толық құқығы бар, уәкілдік берілген ұйым). Ақтау қалалық білім бөлімі – мемлекеттік басқару органы болып табылады.

3. Кәсіпорынның толық:

- **атауы мемлекеттік тілде:** Ақтау қаласы әкімдігінің білім бөлімінің «№ 35 «Балдырган» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

- **орыс тілінде:** Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад № 35 «Балдырган » отдела образования акимата города Актау.

4. Кәсіпорынның мекен-жайы: 130000, Қазақстан Республикасы, Мангистау облысы, Ақтау қаласы, 12 шағын аудан, 58 гимараты.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

5. Кәсіпорын мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап заңды тұлғаның құқықтарын ие болды.

6. Кәсіпорынның дербес тенгерімі, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының банктерде есеп штоттары бар, бланкілері елтаңбалы жәні өз атауы бар мөрі бар.

7. Қазақстан Республикасының Заңнамасында басқа көзделмеген болса, кәсіпорынның жасаған әрі міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге және басқа да тіркеуге жататын мәмілері, тіркелген кезден бастап туындайды.

3. Кәсіпорын қызметінің мақсаты, және мәні

8. Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы» Заңды, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламаларының толық көлемде іске асырылуы Кәсіпорының қызметі болып табылады.

10. Екі жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту мен дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ карау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көлемін орындауды қамтамасыз ету Кәсіпорының мақсаты болып табылады.

Екі жастағы балалар бос орындарға қабылдануы мүмкін, егерде кезекте тұрған 3 жас пен 7 жас арасындағы балалардың тізімі 100 % толықтай қамтылған жағдайда, және Қазақстан Республикасының 2011-2020 ж.ж. білімді жетілдіру туралы мемлекеттік бағдарламаға сәйкес олар бөбекжайға мектепке дайындау үшін міндетті түрде қабылдануға жатады.

11. Осы мақсатқа жету үшін Кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын нығайту үшін жұмыс жасау, салауатты өмір салт құндылықтарына оларды тартуы;

2) мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалды және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, олардың қызығушылықтарын қанағаттандыру, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға тарту негізінде мүмкіншіліктерін дамыту;

3) мектепке дейінгі балалардың шығармашылық өзін-өзі білдіру үшін бастама, қызығушылығымен, озбырлықты және әлеуетін дамыту үшін жұмыс жасау;

4) мектепке дейінгі балалардың тәрбиесімен және білім беру бағдарламаларын менгеру үшін үшін жағдай жасау жоспарын әзірлеу;

5) бес (алты) жастағы балаларды мектепке дейінгі дайындауды қамтамасыз ету;

6) азаматтылықты, қазақстандық отаншылдықты, адам құқыктары мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаган табиғатқа, Отанга, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;

7) оқушылардың ата-аналарымен өзарақатынасы;

8) үйде мектепжасқа дейінгі балалары бар отбасыларға, әдістемелік диагностикалық және консультациялық көмек үйымдастыру.

12. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген, оның қызметінің мақсатымен және міндеттіне жауап бермейтін қызметпен айналысуға және де мәміле жасауга, қызметтерін жүзеге асыруға құқы жок.

13. Кәсіпорынмен жасалған қызмет мақсаттарына қайши келетін, Қазақстан Республикасының шектелген зандарымен немесе құрылтай құжаттарымен анықталған немесе басшының жарғылық құзыреті бұза отырып жасалған мәміле, жергілікті атқарушы органды немесе прокурордың талап-арызымен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

14. Кәсіпорынмен жасауга бағытталған заңсыз қызметін жүзеге асыру үшін басшының іс-әрекеті, еңбек міндеттерін бұзуы болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілікті, қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі

15. Кәсіпорынның негізгі құрылымдық бірлігі мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілер тобы болып табылады. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады.

16. Мектепке дейінгі үйым топтарының толымдылығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Кәсіпорынға баланың даму тарихынан көшірме, эпидемиологиялық айналу туралы санитариялық-эпидемиологиялық қызметінен анықтамаларды басқару органының бағыты негізінде екі жастан жеті жасқа дейінгі балаларды қабылдайды.

Кәсіпорынға жұқпалы аурулар, тірек-қимыл жүйесі мен психикалық дамуы тежелген ауыр бұзылулары бар балалар қабылданбайды.

18. Топтар тәрбиеленушілердің болу уақыты бойынша бөлінеді және толық күн болу режимде қызмет етеді:

19. Балаларды тұрақты орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі.

20. Мектепке дейінгі үйымда баланың орны мынадай:

- 1) бала ауырып қалған;
- 2) бала медициналық, санаториялық-курорттық және өзге де үйымдарда емделген және сауықтырылған;
- 3) ата-анасының немесе занды өкілдерінің біреуіне еңбек демалысы берілген;
- 4) бала жаз маусымында екі айға дейінгі мерзімде сауықтырылған жағдайларда сақталады.

21. Басшы баланы мектепке дейінгі үйымдардан мынадай:

- 1) баланы мектепке дейінгі үйымда ұстау үшін ай сайынғы төлемакы уақтылы төленбеген (төлемақыны белгіленген мерзімнен күнтізбелік 15 күннен астам кешіктіру);
- 2) бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;
- 3) дәрігерлік бакылау комиссиясы анықтамасының негізінде баланың келуіне кедергі болатын денсаулық жағдайы туралы медициналық корытындысы болған жағдайларда шығарады.

22. Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының үйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда баланы күтіп-бағу үшін ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері баланың жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды және оны құрылтайши белгілейді.

23. Кәсіпорында аз қамтылған отбасының балалары, корғаншылықтағы балалар, ата-анасы 1 және 2 категориядағы мүгедектердің балаларына күтіп-бағу шығындары тегін ұсынылады.

24. Кәсіпорын қамтамасыз етеді:

- 1) осы Жарғыда көрсетілген функцияларды орындау;
- 2) Қазақстан Республикасының қолданып жүрген нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген білім беру бағдарламаларын толық жүзеге асыру;
- 3) ағымдағы білім беру бағдарламаларының сапасы;
- 4) Қолданылатын нысандарға сәйкес психо-физиологиялық ерекшеліктеріне, бейімділігі, қабілеттерін, балалардың қажеттіліктері мен қызығушылығы білім беру жас айырмашылық процесін үйымдастыру әдістерімен және тәсілдері;
- 5) оку-тәрбие үрдісінде кәсіпорын балаларымен және қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 6) мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің білу және дамыту, және де мемлекеттік жалпы міндетті мектепке дейінгі білім беру және оқыту стандарттарына сәйкес орыс тілі мен шетел тілін оқу;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген азық-түлік тұтыну ережесін ескере отырып, балаларға арналған теңдестірілген тамақтану;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті үйымдардың немесе денсаулық сақтау кәсіпорындарының қызметкерлеріне тиесілі медицина қызметкерлері жүзеге асырылатын балаларға арналған тұрақты денсаулық сақтау.

25. Кәсіпорын білім беру, денсаулық сақтау және басқа тиісті шаралар қосынша ақылы қызмет көрсетуге құқылы.

Сонымен қатар қатаң түрде мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру мемлекеттік жалпы білім беру стандартымен анықталған, негізгі білім беру, денсаулық сақтау және басқа да қызмет көрсету сапасы төмендеуіне және қысқартуына тыйым салынады.

26. Ақылы қызметтерден түсken қаражат мамандарға еңбекакы төлеуге, құралдар сатып алуға, тиісті дамытушы орта құруға бағытталуы мүмкін.

27. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру сапасы, деңгейі және мазмұнына сәйкес бекіту үшін және мектепке дейінгі мемлекеттік жалпы білім беру стандарты талабымен тәрбиелеу мемлекеттік уәкілетті

органдары әр бес жыл сайын бір рет мемлекеттік аттесттауды жүзеге асырылады.

5. Оқыту-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру

28. Бөбекжай аптасына бес толық жұмыс күні (толық күн болу үзактығы 10,5 сағ.) режимі бойынша қызмет етеді.

Демалыс күндері: сенбі, жексенбі және мереке күндері.

Жұмыс тәртібі: сағат 8.00-ден 18.30-ға дейін.

29. Кәсіпорында тәрбиелеу-білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндепті стандарты негізінде әзірленген бағдарламаларға және оку жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ осы жарғымен айқындалады.

30. Тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі қатысуышылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагогикалық қызметкерлер болып табылады.

31. Кәсіпорынға педагогикалық қызметпен айналысуға білімі және біліктілігінің тиісті деңгейі туралы мемлекеттік улгідегі күжаттармен расталған педагогикалық білімі бар (техникалық және кәсіптік, жоғары, жоғары оку орнынан кейінгі) адамдар жіберіледі.

Педагогикалық қызметке соттың үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған, сондай-ақ өтелмеген немесе заңда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар тұлғалар жіберілмейді.

32.Кәсіпорындағы педагогтары тиімді тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз ету мақсатында (салауатты өмір салтын және адамгершілік негіздерінің құралымы, шығармашылық, рухани және баланың тұлға ретінде физикалық мүмкіндігін дамуы) авторлық бағдарламаларды дербес таңдайды және қолданады, мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндепті стандартын сақтау шартымен тәрбиелеудің, оқытудың және сауыктырудың жаңа технологияларын енгізеді.

33.Тәрбиелеу-білім беру мақсатты үшін Кәсіпорын педагогикалық кеңестерді құрайды.

34. Мектепке дейінгі ұйымдар және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мектепалды топтары және білім беру ұйымдары мектепалды сыныптарының педагог қызметкерлеріне айлық еңбекақыны есептеу үшін аптасына нормативтік оку жүктемесі 24 сағаттан артық емес болып белгіленеді.

35. «Білім туралы» Заңың 30-бабының 2-тармағына сәйкес мектепке дейінгі оқыту балаларды мектепте оқытуға мектепалды даярлық түрінде бес жастан бастап жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы мектепалды даярлық тегін болып табылады.

36. Кәсіпорын тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысуышылардың

ынтымақтастығы, өзара сыйластығы негізінде және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып құрылады.

37. Мектепке дейінгі үйым мен ата-аналар немесе занды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы мектепке дейінгі үйымға қабылданған кезде жасалатын шартпен реттеледі. Шартта баланың мектепке дейінгі үйымға бару режимі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, мектепке дейінгі үйымда баланы күтіп-багу ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де шарттар айқындалады.

38. Отбасы мен баланы әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін мектепке дейінгі үйымдарда консультациялық пункттер құрылады.

39. Кәсіпорындағы штат саны Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мемлекеттік білім беру үйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

40. Кәсіпорынның педагогикалық қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын тегін медициналық тексеруден өтеді.

6. Кәсіпорынды басқару

41. Құрылтайшы:

- 1) кәсіпорынның құруы, қайта үйымдастыруы және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе коммуналдық меншікке билік үшін уәкілетті жергілікті бюджеттен қаржыландыратын осыған атқаруышы орган уәкілетті етеді;
- 3) жасына қарамастан, баланы азық-түлікпен қамтамасыз ету ата-аналарымен немесе занды өкілдерінің төлеуі, ай сайынғы төлем мөлшерін белгілейді.
- 4) осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген оған жүктелген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

42. Мемлекеттік басқару органды:

- 1) Кәсіпорынды жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, басым бағытты қызметтермен және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін айқынрайды;
- 2) Кәсіпорынның жоспарларының дамуын және олардың орындалуы туралы есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;
- 3) кәсіпорынның меншігінің қауіпсіздігін бақылайды және талдайды және Кәсіпорынның жоспарларын дамуының орындалуын жүзеге асырады;

- 4) Кәсіпорынға берілген немесе өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде алынған мемлекеттік мүлікті алу немесе қайта бөлуі бойынша уәкілетті органға келісім береді;
- 5) кәсіпорынды басқаруды іске асырады;
- 6) Кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін бекітеді;
- 7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша кәсіпорынның қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырылады;
- 8) Қазақстан Республикасының Үкіметі анықталған тәртіппен Кәсіпорынның басшысының лауазымын тағайындауды және қызметтен босатады;
- 9) кәсіпорынбасшысының ұсынуымен оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
- 10) Кәсіпорынның жылдық енбек төлем корының өлшемін белгілейді;
- 11) бюджет заңнамасына сәйкес Кәсіпорынның басшыларының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық жалақысының мөлшері, сыйлықақы жүйесін және басқа да сыйақыларды белгілейді;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

43. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

- 1) кәсіпорынға қатысты коммуналдық меншік субъектісінің құқығын жүзеге асырады;
- 2) кәсіпорынның мүліктерін пайдалану туралы шешім қабылдайды соның ішінде оның кепілге беру, жалға беру, өтеусіз пайдалану және сенімдік басқару;
- 3) Кәсіпорынға берілген немесе өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде алынған мүлікті мемлекеттік басқару уәкілетті органға келісім бойынша алу немесе қайта бөлуі жүзеге асырады;
- 4) Кәсіпорынның мүліктерінің тиімді пайдаланылуы және мақсатты бақылауын қамтамасыз етеді;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешу.

44. Мектепке дейінгі ұйымдардың басқару дара басшылық принципімен және алқалы басқаруымен құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық және қамқоршылық кеңесі болып табылады.

45. Кәсіпорынның тікелей басқаруын басшы жүзеге асырады.

46. Кәсіпорынның басшысын тағайындау және қызметтен босату, оны аттесттатау Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тәртіппен мемлекеттік басқару органмен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік басқару органы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес енбек шартын жасау арқылы Кәсіпорынның басшысымен енбек катынастарын дайындауды.

47. Басшы:

- 1) Қазақстан Республикасының және осы Жарғымен айқындалған өз құзыретіне сәйкес Кәсіпорынның барлық мәселелерді шешеді;
 - 2) Кәсіпорын атынан барлық мемлекеттік және жеке мекемелерге оны таныстырады;
 - 3) іс әрекеттердің басқарушысы болып табылады, келісім-шарт жасайды, сенімхаттар береді, банктерден реттеу және басқа да шоттар ашады;
 - 4) Кәсіпорынның қызметкерлеріне өз құзыретінің ішінде орындауға міндettі бұйрықтар және өкімдер шығарады, жазалар қолданады;
 - 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлерді қабылдауға және қызметтөн босатуға құқылы;
 - 6) мектепке дейінгі білім беру және оқыту мемлекеттік білім беру стандарттарымен және санитарлық-гигиеналық стандарттарының талаптарына сәйкес Кәсіпорындарда оқу және оқу процесін жүзеге асуру үшін жағдай жасайды;
 - 7) отбасының талабын, балалардың мүдделерін қанағаттандыру үшін қосымша қызметтер ұйымдастырады;
 - 8) балабақшаға баланы қабылдау кезінде ата-аналарды немесе занды өкілдерді Жарғымен, қабылдауды реттейтін құжаттармен және білім беру процесі мен медициналық қызмет көрсету ұйымдастырумен таныстыру, ата-аналармен немесе занды өкілдермен келісім шарт жасасады;
 - 9) мектепке дейінгі мекемелерге бекітілген мұліктерін тиімді пайдалануымен және қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
 - 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де аткарымдарды жүзеге асырады.
48. Кәсіпорынның басшысы жауапты болып табылады:
- 1) Тәрбиленушілердің, қызметкерлердің құқықтарымен және бостандықтарын бұзу;
 - 2) өзінің құзыретіне жатқызылған атқарымдарын сақтамауы;
 - 3) мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу мемлекеттік жалпыға міндettі стандартын бұзғаны үшін;
 - 4) білім беру процесі кезінде тәрбиленушімен және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын корғау;
 - 5) қаржылық –шаруашылық қызметтінің жағдайы, соның ішінде материалдық және ақшалай қаражаттарды мақсатсыз дұрыс пайдаланбауы;
 - 6) еңбек шартының нормативтік құқықтық актілерімен және шарттарында қаралған талаптардың өзге де бұзушылықтары.

7. Кәсіпорынның мұлігі

49. Кәсіпорынның мүлігі құны оның балансында көрсетілген кәсіпорның активтерін құрайды.
50. Кәсіпорынның мүлкі арқылы қалыптасады:
- 1) мүлік иесіне берілген мүлік;
 - 2) өз қызметі арқылы сатып алған (ақшалай табыс қоса алғанда) мүлік;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де дереккөздер.
51. Кәсіпорынның енгізуіне оның жарғылық мақсаттарына қараптап қызметті қамтамасыз ету үшін қажет мүлік немесе осы қызметтің өнімі болып табылады.
52. Егер осы Жарғыда қараптаған болса және осы мүліктік құқыққа кайши келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қараптап меншік құқықтарды сатып алу және тоқтату мен басқа да заттық құқықтар үшін сатып алу және жедел басқару құқығын тоқтату шарттармен және тәртіппен жүзеге асырылады.
53. Жедел басқаруындағы мүлікті пайдалануының нәтижелері, өнімдері мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорынның келісім-шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік кәсіпорынның жедел басқаруына меншіктену құқығын алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртібінде жасалады.
54. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімімен бекітілмесе, мүлікті жедел басқару құқығы, оның Кәсіпорнымен бекіту туралы меншік иесінің шешімі қабылдануына қатысты Кәсіпорында оның балансында мүлікті бекіту кезінде жасалады.
55. Кәсіпорын негізгі заттарға қатысты сату келісім-шарттары, алмасу, мүлікті сыйлау негізінде иелігінен шығаруға құқығы жоқ.
56. Жедел басқару үшін Кәсіпорын негізгі заттарға қатысты оған бекітілген мүліктерді иелігінен шығаруға немесе басқа тәсілмен колдануғы құқы бар, осы Жарғының 48-тармағында қараптап жағдайларды қоспағанда, тек мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның жазбаша келісімімен дебиторлық есептен шығаруға құқығы бар.
57. Кәсіпорын жедел басқару құқығында бекітілген негізгі жылжымалы мүліктерге байланысты емес мүліктерді өз бетінше басқара алады.
58. Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті орган уәкілетті мемлекеттік басқару органымен келісімі бойынша Кәсіпорынға бекітілген мүлікті алып тастауга немесе егер Қазақстан Республикасының заңдарында бекітілмесе оларды құрылған басқа да заңды тұлғалардың арасында оны қайта бөлуге құқылы.

8. Кәсіпорын қызметтерін қаржыландыру

59. Кәсіпорынның қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған бюджеттік алынған тәртіпте бюджеттік қаржаттармен және өз кірістерінің есебінің даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

60. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен дайындалған мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім берудің жоспарлау және қаржыландыру тәртібі бойынша әдістемелік ұсыныстар негізінде Кәсіпорында мемлекеттік білім тапсырысын орналастырады.

61. Кәсіпорынмен жедел басқару құқында өткізілетін қызметтердің бағасы мемлекеттік басқару органымен бекітіледі.

62. Жарғыда көзделмеген Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған кез келген қызметпен айналысуға кәсіпорнан алғынған табыс, сондай-ақ бюджеттен қаржыландырумен өткізілген қызметтер көтерінкі баға нәтижесінде алынған табыстар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіпте бюджеттен алынады. Бухгалтерлік ережелері туралы тиісті көрініс жок, оның мүлкін пайдалануын анықтаған жағдайда оны алып тастауға жатады.

9. Кәсіпорынның есебімен және есептілігі

63. Ұлттық қаржылық есептеме стандарттарына сәйкес жергілікті атқаруши орган келісімі бойынша кәсіпорындардың басшылары бекіткен есеп саясатының қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес Кәсіпорынның бухгалтерлік есебі және қаржылық есептілігін жасау.

64. Жылдық қаржы есептілігі мыналарды қамтиды: бухгалтерлік баланс, табыс туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба.

10.Кәсіпорынның жауапкершілігі

65. Мемлекеттік мүлікті жедел басқару құқығына ие Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша оның иелігіндегі ақшамен жауап береді.

Осы заңды тұлға жойылғанын қоспағанда, Кәсіпорынның баска мүлкін өндіріп алуға тыйым салнады.

66. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

67. Жауап беруге ақша жеткіліксіз болған жағдайда біріккен жауапкершілігінде Қазақстан Республикасы немесе тиісті бюджетіне сәйкес әкімшілік-аумақтың бірлік жауапты.

11. Еңбек ұжымының қарым-қатынасы

68. Кәсіпорын басшысы мен еңбек ұжымының арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес ұжымдық шарт негізінде жүзеге асырылады

69. Кәсіпорынның жұмыс тәртіпнемесі Қазақстан Республикасының Еңбек туралы кодексіне қайшы келмейтін ішкі тәртіп ережелерімен реттеледі.

12. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

70. Кәсіпорын еңбекақы қорының мөлшерін жыл сайын мемлекеттік басқару уәкілеттік органы белгілейді.

71. Жұмыс тәртібін, лауазымдық айлықақылардан, еңбек ақы жүйесі, еңбек жағдайлары үшін қосымша ақы, ұстеме ақылардан Кәсіпорын өз еркімен, белгіленген еңбекақы қорының мөлшеріне сәйкес бекітіледі.

72. Кәсіпорынның басшысының ұстеме ақысы және сыйлық ақы жүйесі басқада сыйақылары, бар бюджеттік заңнамаға саймемлекеттік басқару уәкілеттік органымен белгіленеді.

13. Жарғысина өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

73. Кәсіпорын Жарғысина өзгерістер мен толықтырулар Құрылтайшы шешімімен мемлекеттік басқару уәкілеттік органының ұсынысы бойынша енгізіледі және бекітіледі.

14. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру немесе тарату

74. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру мен тарату Құрылтайшының шешімі бойынша қабылданады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіна сәйкес басқа да көзделген негіздермен қызметі тоқталады.

75. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру мен таратуын Құрылтайшы жүзеге асырады.

76. Несиелеушілерді қанағаттандырғаннан кейін қалған жойылған кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік бойынша уәкілеттік орган қайта бөледі.

Жойылған кәсіпорынның қаржысы соған қоса сатылған мүлктен түскен несиелеушілерді қанағаттандырғаннан кейін қалған қаржы, жергілікті бюджеттің кірісіне есептеледі.